

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің мәселелері

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 2000 жылғы 5 мамыр N 668. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2001.12.28. N 1755 қаулысымен. ~P011755

"Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 31 наурыздағы N 329 P990329_ қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған:
 - 1) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті туралы ереже;
 - 2) Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару

жүйесі комитетінің қарауындағы ұйымдардың тізбесі бекітілсін.

2. "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің жанындағы Қылмыстық-атқару жүйесі департаменті туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 7 тамыздағы N 1231 P971231_

қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1997 ж., N 36, 340-құжат) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2000 жылғы 5 мамырдағы
N 668 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің
Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті туралы
ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті (бұдан әрі - Комитет) Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі құзыретінің шегінде атқарушылық және бақылау-қадағалау функцияларын, сондай-ақ қылмыстық жазаны атқару саласында салааралық үйлестіруді қамтамасыз ететін ведомство болып табылады.

2. Комитет өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің кесімдеріне, өзге де нормативтік құқықтық кесімдерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Комитет мемлекеттік мекеменің ұйымдастырушылық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өзінің атауы жазылған мөрлері мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ заңнамаға сәйкес банктерде шоттары болады.

Комитет азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

Комитеттің, егер оған заңдарға сәйкес уәкілеттік берілсе, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

4. Комитет өз құзыретіндегі мәселелер бойынша заңдарда белгіленген тәртіппен қылмыстық-атқару жүйесінің жұмысын ұйымдастыру мәселелері жөнінде бұйрықтар түріндегі кесімдер шығарады, нұсқаулар береді.

5. Комитеттің құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленеді.

6. Комитеттің облыстарда және Алматы қаласында өз құзыретінің шегінде қылмыстық-атқару заңнамасының орындалуын қамтамасыз ететін мемлекеттік мекеменің ұйымдастырушылық-құқықтық нысанындағы аумақтық органдары болады.

7. Комитеттің заңды мекен-жайы:

473000, Астана қаласы, Манас көшесі, 4.

8. Комитеттің толық атауы - "Қазақстан Республикасы ішкі істер министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті" мемлекеттік мекемесі.

9. Осы Ереже Комитеттің құрылтай құжаты болып табылады.

10. Комитеттің қызметін қаржыландыру мемлекеттік бюджеттен және заң кесімдерінде көзделген көздерден жүзеге асырылады.

Комитетке кәсіпкерлік субъектілермен Комитеттің функциялары болып

табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастар жасауға тыйым салынады.

Егер Комитетке заңнамалық кесімдермен кірістер әкелетін қызметтерді жүзеге асыруға құқық берілсе, онда мұндай қызметтерден түскен кірістер республикалық бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. Комитеттің негізгі міндеттері, функциялары және құқықтары

11. Комитеттің негізгі міндеттері:

1) жазаларды атқарушы мекемелер мен органдардың қылмыстық жазаларды атқару жөніндегі жұмыстарын ұйымдастыру және жетілдіру;

2) қылмыс жасады деп күдік білдірілгендер мен айыпталғандарды, оларға қатысты заңды күшіне енбеген айыптау үкімі шығарылған сотталғандарды қамауда ұстауды ұйымдастыру;

3) жазаларды атқарушы мекемелер мен органдарда және тергеулік оқшаулау орындарында құқық тәртібі мен заңдылықты, олардың аумағындағы қызметкерлердің, лауазымды адамдардың және азаматтардың, сондай-ақ онда ұсталатын сотталғандардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуді ұйымдастыру;

4) Қылмыстық-атқару кодексінде белгіленген сотталғандарды ұстау шарттары нормаларының орындалуын қамтамасыз етуді ұйымдастыру;

5) сотталғандардың еңбегін ұйымдастыру үшін жағдайлар жасау;

6) сотталғандарға жалпы білім беру мен кәсіптік оқытуды ұйымдастыру;

7) өз құзыретінің шегінде қылмыстық-атқару жүйесінің тыныс-тіршілігін қамтамасыз ету және оның шығыстарын бөлінген қаржы мен лимиттердің шегінде қаржыландыруды ұйымдастыру, қылмыстық-атқару жүйесінің материалдық-техникалық базасы мен әлеуметтік саласын дамыту және нығайту;

8) Қазақстан Республикасы заңнамасының сақталуын бақылауды жүзеге асыру;

9) жедел-ізвестіру қызметін жүзеге асыру және жедел-ізвестіру қызметін жүзеге асыратын органдарға қылмыстарды анықтауға, алдын алуға, жолын кесуге және ашуға жәрдемдесу болып табылады.

12. Комитет Қазақстан Республикасының заңнамаларына және өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) соттардың үкімдеріне, қаулыларына және айқындамаларына сәйкес сотталғандарды жазаларды атқарушы мекемелер мен органдарға, тергеулік оқшаулау орындарына орналастыруды ұйымдастырады, сотталғандардың құқықтарының, оларды материалдық-тұрмыстық қамтамасыз етуді және медициналық қызмет көрсету нормаларының сақталуын қамтамасыз етеді;

2) сотталғандарға қатысты соттар үкімдерінің, қаулыларының және

айқындамаларының орындалуын бақылауды жүзеге асырады және ұйымдастырады, жазаны атқарушы мекемелер мен органдарда және тергеулік оқшаулау орындарында режимдік талаптардың орындалуын ұйымдастырады, сотталғандарды оқшаулауды және оларды қадағалауды қамтамасыз етеді;

3) сотталғандарды және қамауға алынғандарды жазаларды атқарушы мекемелер мен органдардан, сондай-ақ тергеулік оқшаулау орындарынан басқаларына ауыстыруды жүзеге асырады;

4) өз құзыретінің шегінде қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелері мен органдарын күзетуді және сотталғандар мен қызметшілердің қауіпсіздігін қамтамасыз етеді, ішкі қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, бас бостандығынан айыру орындарында ұйымдасқан қылмыскерліктерді бейтараптандыруға және жолын кесуге байланысты мәселелерді шешеді;

5) қылмыстық-атқару жүйесіндегі жедел жағдайды тұрақты бақылауды жүзеге асырады;

6) рақымшылық және кешірім жасау кесімдерінің орындалуын ұйымдастырады;

7) сотталғандарды қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазаларды атқару, жазаның осы түрін өтеуден жалтарушы сотталғандарға қатысты бастапқы іздестіру іс-шараларын уақтылы жүргізу жөніндегі жұмыстарды ұйымдастырады және жүзеге асырады;

8) сотталғандарды жазаларды атқарушы мамандандырылған мекемелерге жібереді, алкоголизм мен нашақорлықтан мәжбүрлеп емдеуді қамтамасыз ету бөлігінде соттар үкімдерінің уақтылы орындалуын бақылауды жүзеге асырады;

9) сотталғандарды босатуға даярлау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыруды, жазалауды атқарушы мекемелер мен органдардың басқа да құқық қорғау органдарымен, атқарушы өкімет және басқару органдарымен және қоғамдық ұйымдармен сотталғандарды түзеудің нәтижелерін бекіту, оларды еңбекке және тұрмыста орналастыру жөніндегі өзара іс-қимылын қамтамасыз етеді;

10) азық-түлікті, заттай және интенданттық мүлікті орталықтандырылған берудің есебінен бас бостандығынан айыру және алдын-ала күзетпен қамауда ұстау орындарында ұсталатын адамдарды тұрақты материалдық-тұрмыстық қамтамасыз етуді ұйымдастырады;

11) Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқарушы органдарымен, жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен және өзге де ұйымдармен өзара іс-қимыл жасайды;

12) түзеу мекемелері мен органдары жүйесіндегі азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының бұзылуы туралы шағымдар мен арыздарды қарайды;

13) қылмыстық-атқару жүйесінде қызметін жүзеге асыратын мекемелер мен органдарды да, мемлекеттік кәсіпорындарды да құру және тарату туралы

ұсыныстар дайындайды;

14) қылмыстық-атқару жүйесі аумақтық органдарының жұмысын үйлестіреді, оларға методикалық көмек көрсетеді;

15) қылмыстық-атқару жүйесінің аумақтық басқару органдарын, жазаларды атқарушы мекемелер мен органдарды, тергеулік оқшаулау органдарын тексереді;

16) төтенше жағдайлар кезінде қызметтік және жауынгерлік міндеттерді орындау, қылмыстық-атқару жүйесінің қажетті күштері мен құралдарын тартуды және олардың басқа құқық қорғау органдары және күш қолдану құрылымдарымен өзара іс-қимылын қамтамасыз ету жөніндегі жедел іс-қимылдардың жоспарларын әзірлейді және іске асырады;

17) Комитеттің кадрларын іріктеу, орналастыру, оқыту және тәрбиелеу жөніндегі жұмыстарды жетілдіреді, қылмыстық-атқару жүйесінің қызметкерлерін құқықтық және әлеуметтік қорғауды қамтамасыз етеді, оларды кәсіби даярлауды ұйымдастырады;

18) Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігімен және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің ішкі әскерлерімен бірлесіп сотталғандарды тасымалдауды жоспарлайды және жүзеге асырады, Арнайы вагондардың жүру кестесінің жиынтығын әзірлейді және бекітеді, әскери, арнайы тасымалдауларды жедел басқаруды жүзеге асырады;

19) жазаларды атқарушы мекемелер мен тергеулік оқшаулау орындарында жедел-ізвестіру қызметін жүзеге асырады және ұйымдастырады, оны жетілдіру жөнінде шаралар қабылдайды, қылмыстарды анықтауда, алдын алуда, жолын кесуде және ашуда ішкі істер органдарының жедел, тергеу және басқа да аумақтық бөлімшелерімен өзара іс-қимыл жасайды;

20) жазаларды атқарушы мекемелер мен органдарды, қылмыстық-атқару жүйесінің аумақтық басқару органдарын, тергеулік оқшаулау орындарын заңнамаларда белгіленген тәртіппен бөлінген қаржы мен лимиттердің, сондай-ақ басқа да заңды көздерден алынған қаражаттардың шегінде қаржыландыруды жүзеге асырады;

21) қылмыстық-атқару жүйесінің алдында тұрған міндеттерді жүзеге асыру үшін қаржы, материалдық-техникалық ресурстардың ұтымды бөлінуін қамтамасыз етеді, олардың пайдаланылуын бақылауды жүзеге асырады, қылмыстық-атқару жүйесінің аумақтық басқару органдарымен бірлесіп қылмыстық-атқару жүйесі мүлкінің тиімді пайдаланылуын және сақталуын бақылайды;

22) қылмыстық-атқару жүйесін дамыту мен нығайтудың бағдарламаларын әзірлейді және іске асырады, олардың орындалуы жөніндегі шараларды жүзеге асырады;

23) халықаралық ынтымақтастықты ұйымдастырады, жүзеге асырады және үйлестіреді;

24) Қазақстан Республикасының заңнамасымен Комитетке жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

13. Комитеттің өз құзыретінің шегінде негізгі міндеттерін іске асыру және өзінің функцияларын жүзеге асыру мақсатында заңдарда белгіленген тәртіппен:

1) Өзінің аумақтық органдарына қатысты бақылау-билік ету функцияларын орындауға;

2) мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдардан қажетті ақпаратты сұратуға және алуға;

3) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің нормативтік құқықтық кесімдерінің жобаларын дайындауға;

4) төтенше оқиғалар жағдайларына қызметтік тексерулер жүргізуге,

олардың себептерін анықтауға және талдауға, мұндай жағдайларды болдырмау жөнінде шаралар қабылдауға;

5) жазаларды атқарушы мекемелер мен органдарда ерекше жағдай режимін енгізуге;

6) өзінің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша мәжілістер, семинарлар, конференциялар өткізуге;

7) соттарда талапкер және жауапкер болуға;

8) Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар.

3. Комитеттің мүлкі

14. Комитеттің жедел басқару құқығында республикалық меншікке жататын оқшауланған мүлкі болады.

15. Комитеттің мүлкі өзіне мемлекет берген мүліктің есебінен қалыптастырылады және негізгі қорлар мен айналымдық қаражаттардан, сондай-ақ құны дербес баланста көрсетілетін өзге де мүліктен тұрады.

16. Комитеттің өзіне бекітіліп берілген мүлікті өз бетінше иеліктен шығаруға немесе оған өзге де тәсілмен билік етуге құқы жоқ. Комитетке Қазақстан Республикасының заңнамаларында белгіленген жағдайларда және шектерде мүлікке билік ету құқығы берілуі мүмкін.

4. Комитеттің қызметін ұйымдастыру

17. Комитетті Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын Төраға басқарады.

Комитет төрағасының ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын Комитет төрағасының орынбасарлары болады.

18. Комитеттің төрағасы Комитеттің жұмысын ұйымдастырады және басқарады және Комитетке жүктелген міндеттердің орындалуы мен оның өз функцияларын жүзеге асыруы үшін жеке жауаптылықта болады.

19. Комитеттің төрағасы осы мақсатта:

1) өзінің орынбасарлары мен Комитеттің құрылымдық бөлімшелері басшыларының міндеттері мен өкілеттіліктерін айқындайды;

2) заңнамаға және Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі бекіткен лауазымдардың номенклатураларына сәйкес кіші басшы және қатардағы құрамның қызметкерлерін, сондай-ақ Комитеттің арнаулы шені жоқ қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

3) заңнамаларда белгіленген тәртіппен Комитеттің қызметкерлерін көтермелейді, тәртіптік жаза қолданады;

4) Комитеттің аумақтық органдары туралы ережені бекітеді;

5) мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда Комитетті білдіреді;

6) қолда бар қаржы ресурстары мен қылмыстық-атқару жүйесінің алдында тұрған міндеттеріне сүйене отырып, жазаларды атқарушы мекемелер мен органдар үшін шығыстардың сметаларын бекітеді;

7) белгіленген тәртіппен республикалық бюджеттен қылмыстық атқару жүйесіне Комитетті, жазаларды атқарушы мекемелер мен органдарды, қылмыстық атқару жүйесінің аумақтық органдарын ұстауға бөлінген, сондай-ақ басқа да заңды көздерден алынған қаражатқа билік етеді;

8) белгіленген тәртіппен Комитеттің қызметкерлерін өзінің жазаларды атқарушы мекемелері мен органдарына практикалық көмек көрсету үшін және олардың қызметіне тексеру жүргізу, басқа да қызметтік мәселелерді шешу үшін іссапарларға жібереді;

9) Комитеттің, сондай-ақ жазаларды атқарушы мекемелер мен органдардың

жеке құрамының арасында тәрбие жұмысын ұйымдастырады, олардың тәртіпті, заңдылықты және құпиялық режимін сақтауын, қызметтік және жауынгерлік

даярлығын қамтамасыз етеді;

10) азаматтарды қабылдауды жүзеге асырады, шағымдар мен өтініштерді қарайды, олар бойынша шешім қабылдайды, тәртіп пен заңдылықты бұзу фактілері бойынша қызметтік тексеру жүргізеді;

11) өзінің құзыретіне жатқызылған басқа да мәселелер бойынша шешім қабылдайды;

12) заңнамаға сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

5. Комитеті қайта ұйымдастыру және тарату

20. Комитетті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2000 жылғы 5 мамырдағы
N 668 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі
Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің
қарауындағы ұйымдардың
Тізбесі

Ескерту. Өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2000 жылғы 27 қарашадағы
N 1761

P001761_

; 2001 жылғы 3 шілдедегі N 907

P010907_

қаулыларымен.

1. ЕЦ-166/4 мекемесі
2. ЕЦ-166/5 мекемесі
3. ЕЦ-166/10 мекемесі
4. ЕЦ-166/11 мекемесі
5. ЕЦ-166/13 мекемесі
6. ЕЦ-166/18 мекемесі
7. ЕЦ-166/20 мекемесі
8. ЕЦ-166/21 мекемесі
9. ЕЦ-166/22 мекемесі
10. ЕЦ-166/23 мекемесі

11. ЕЦ-166/24 мекемесі
12. ЕЦ-166/25 мекемесі
13. КА-168/1 мекемесі
14. КА-168/2 мекемесі
15. КА-168/3 мекемесі
16. КА-168/4 мекемесі
17. ЛА-155/1 мекемесі
18. ЛА-155/4 мекемесі
19. ЛА-155/6 мекемесі
20. ЛА-155/12 мекемесі
21. ЛА-155/13 мекемесі
22. ЛА-155/14 мекемесі
23. ЛА-155/16 мекемесі
24. ЛА-155/17 мекемесі
25. ІІБ ҚАЖБ-нің күзет бөлімі
26. УГ-157/1 мекемесі
27. УГ-157/9 мекемесі
28. УГ-157/10 мекемесі
29. ОВ-156/1 мекемесі
30. ОВ-156/2 мекемесі
31. ОВ-156/3 мекемесі
32. ОВ-156/6 мекемесі
33. ОВ-156/12 мекемесі
34. ОВ-156/13 мекемесі
35. ОВ-156/14 мекемесі
36. ОВ-156/15 мекемесі
37. ОВ-156/16 мекемесі
38. ОВ-156/17 мекемесі
39. ОВ-156/18 мекемесі
40. ОВ-156/19 мекемесі
41. ОВ-156/20 мекемесі
42. ЖД-158/1 мекемесі
43. ЖД-158/2 мекемесі
44. ЖД-158/5 мекемесі
45. РУ-170/1 мекемесі
46. РУ-170/2 мекемесі
47. РУ-170/3 мекемесі
48. АК-159/1 мекемесі
49. АК-159/5 мекемесі

50. АК-159/6 мекемесі
51. АК-159/7 мекемесі
52. АК-159/9 мекемесі
53. АК-159/11 мекемесі
54. АК-159/17 мекемесі
55. АК-159/18 мекемесі
56. АК-159/20 мекемесі
57. АК-159/21 мекемесі
58. АК-159/22 мекемесі
59. АК-159/24 мекемесі
60. ЗК-169/1 мекемесі
61. ЗК-169/4 мекемесі
62. УК-161/1 мекемесі
63. УК-161/2 мекемесі
64. УК-161/3 мекемесі
65. УК-161/4 мекемесі
66. УК-161/11 мекемесі
67. УК-161/12 мекемесі
68. ГМ-172/1 мекемесі
69. ГМ-172/6 мекемесі
70. ГМ-172/7 мекемесі
71. ГМ-172/8 мекемесі
72. АП-162/1 мекемесі
73. АП-162/2 мекемесі
74. АП-162/3 мекемесі
75. АП-162/4 мекемесі
76. АП-162/5 мекемесі
77. АП-162/10 мекемесі
78. ЕС-164/1 мекемесі
79. ЕС-164/3 мекемесі
80. ЕС-164/4 мекемесі
81. ЕС-164/6 мекемесі
82. ЕС-164/8 мекемесі
83. ЕС-164/9 мекемесі
84. ИЧ-167/1 мекемесі
85. ИЧ-167/2 мекемесі
86. ИЧ-167/3 мекемесі
87. ИЧ-167/9 мекемесі
88. ИЧ-167/10 мекемесі

- 89. ЕЦ-166/1 мекемесі
- 90. УЛ-154/4 мекемесі
- 91. ЛА-155/8 мекемесі
- 92. ЖД-158/4 мекемесі
- 94. ОВ -156/21 мекемесі
- 95. ОВ -156/22 мекемесі
- 96. ИЧ -167/11 мекемесі
- 97. ЛА -155/18 мекемесі
- 98. ЕЦ-166/26 мекемесі
- 99. ЖД-158/6 мекемесі

<*>

ЕСКЕРТУ. Тізбе 94-97 жолдармен толықтырылды - ҚР Үкіметінің
2000.11.27. N 1775 қаулысымен.

P001761_

ЕСКЕРТУ. Тізбе 98-жолмен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2001.07.03.
N 907 қаулысымен.

P000907_

ЕСКЕРТУ. Тізбе 99-жолмен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2001.11.28.
N 1541 қаулысымен.

P011541_

Оқығандар:

Қобдалиева Н.М.

Орынбекова Д.К.